

БАСЫМ БАҒЫТТАҒЫ ЖОБАЛАР

Негізі Шиеі ауданындағы «Бала-сауыскандық» кешенін игеру мен облыстың тау-кен металлургиялық кешенін дамыту бойынша басқа да іс-шараларды жүзеге асыруға бүгінде ерекше назар аударылып отыр. Соның ішінде «Баласауыскандық» кенішіндегі кара тақта тасты автоклавты қайта өңдеу» жобасын жүзеге асыру жұмыстары жалғасын табуда. Айта кетейік, бұл жоба үш кезеңде жүзеге асырылады. Оның жалпы құны 34,9 млрд. теңге. Жоба бойынша бірінші кезеңде бір миллиард теңгеге жуық инвестиция игерілсе, 2013-2015 жылдарғы екінші кезеңде 6,9 млрд. теңге инвестиция игеру жоспарлануда. Қазіргі күні кеніште тәжірбиелік өнеркәсіп кәсіпорнында жаңа технология бойынша руданы байыту кестесі жүзеге асырылуда. Әрі мұнда жаңа технология бойынша 13 патент алынған. Бүгінгі күннің өзінде кеніште бұл жұмыстарға 240 адам жұмысқа тартылған. Алдағы уақытта өндіріс қуаттылығы артқан сайын жаңа жұмыс орындары да көбейе түспек.

Жалпы қазіргі күні «Фирма Балау-са» ЖШС «Баласауыскандық» ванадий кен орнын игеруді жүзеге асырып келеді. Бұл кен орны ауқымының кеңдігі сол, оның жанынан сұйық-калийлі ты-найтқыштар шығару, жер

қыртысын тұзсыздандыруға арналған үлкен тоннажды сорбенттер және феррокорытпа, құрылыс материалдары мен кремний карбидін, аморфты кремний, серобетон, ауыз суды ыдысқа құюға арналған зауыттар мен газтүрбиналық электр стансасы мен газдандыру және көмірмен жұмыс істейтін стансалар секілді он ілеспе өндіріс көздерін ашу да жоспарлану-да. Мұнан бөлек бүгінде облыстың Құрымсақ, Сырдария, Дарбаза, Иір-құдық және Мыңқұдық телімдері мен Байжарқын алаңында және «Приаральное» кен орнында қазба байлықтарын игеру мақсатында іздетіру-бағалау жұмыстарын бастау ісі де қолға алынды. Тап осындай жұмыстар «Қарамұрын-Мынбұлақ» кен торабының батыс қанатында және «Ақсар» кен алқабында да жүргізілуде.

Облыс басшысының іс-қимыл жоспарында «Қызылорда қаласында қуаттылығы жылына 197100 тонна табашка шыны шығару және өңдеу зауыты құрылысы» жоба-сына да ерекше көңіл бөлінді. Бұл жобаның құны 52,1 млрд. теңге. Ол іске қосылғанда 300 адам жұмыспен қамтамасыз етіледі. Өндіріс орны қуаттылығымен жұмыс істеген кез-де 197,1 мың тонна табакша шыны-ны шығарады.

Шындығында, еліміз бүгінде

тұрмысқа қажетті шыныларды Қытай, Ресей, Қырғызстан және Түркиядан сатып алып отыр. Сон-дыктан да қызылордалық жоба жү-зеге асқанда жылына 200 мың тон-на шыны шығаруға мүмкіндік ту-ады. Осы өнімнің 70 пайызы ішкі қажеттілікті өтесе, қалған 30 пайы-зын Орталық Азия елдеріне сатуға мүмкіндік туады. Сол үшін де бүгінде шыны зауытының құрылысына Қызылорда қаласындағы индустрия-лық аймақтан 50 гектар жер бөлінді. Сөйтіп бюджеттен бөлінген қаржы есебінен қазір оның инженерлік ин-фрақұрылымдары жүргізілу үстінде. Жалпы бұл зауыттың құрылысымен тікелей айналысу үшін «Orda Glass» ЖШС құрылып, жұмыс жасауда.

Қысқарта келе айтқанда, облыс-та машина жасау зауытының құры-лысын бастау мен шағын тоналдық мұнай өңдеу зауытын кеңейту, үй құрылысы комбинатын ұйымдастыру ісін аяқтау мен керамикалық кірпіш өндіретін зауыт пен пенополиуретан окшаулау трубаларын өндіруді ұйымдастыру жобаларын жүзеге асыруды жалғасadı. Өз кезегінде бұл басымды жобалар өңір экноми-касын әртараптандыруға жол ашып, аймақ өндірісін кең ауқымда дамыта түсуге үлес қосатын болады.

Айгали ҚАРАБАЛАЕВ.

МӘУЛІТ АЙЫНДА САЛАУАТТЫ АРТТЫРАЙЫҚ

Бірақ әр дүйсенбі күндері нәпіі ораза ұстайтын. Са-хабалар мұның себебін сұрағанда «Мен осы күні дүниеге келдім» деп жауап беретін. Демек, Пайғамбарымыз (с.а.с) туған күнін елеп, ол күнді ораза сияқты құлшылықтармен өткізген. Ал, бүгінде біз қолданып жүрген Құранды кітап етіп жазып шығару, Рамазан айында Құранды хатым ету, соңғы он күндікте жамағатпен тахаудж оқу сын-ді көптеген амалдар мәуліт сияқты пайғамбар зама-нында болмаған. Дегенмен, ғалымдар күп көріп, бүгінгі үмметке тигізер мол сауабы мен пайдаларын ескере отырып бұл амалдарда көп сауап бар екендігін жеткізген. Әсіресе, бұл мәуліт айында көп салауаттар айтылып, пайғамбарымыз жайлы деректер жұртшылыққа таны-стырылады. Нәтижесінде шағабатшы Мұхаммед (с.а.с) пайғамбарымызға көп салауаттар айтылып, сансыз сауапқа кенеледі. Әмірбаяндарын біліп, діннің кайнар бұлақтарын түсінеді. Мәуліт кештері себебінен көптеген жұртшылықтың намазға бел буып, имандылық жолы-на түсіп жатқанына куә болып келеміз. Осындай кеш-терде көрсетілетін тәрбиелік мәні бар қойлымындардан көпшіліктің ата-ана мен туған-туыстың діндегі орын-дарын түсініп, өзара сыйластық қалыптасып жатқанын тағы көріп келеміз. Демек, мұндай шараларды жиі ұйымдастыру салауатқа салауат қосып, жақсылыққа ба-стаптынын білу керек.

Біздер әрқашан Алланың рахымына, Пайғамбарымыз-дың (с.а.с) шапағатына мұқтаждыз. Біліп-білмей істе-ген күнәларымыздың кешірілуін Алладан сұрап, пай-ғамбарымызға Алланың игілігі мен сәлемі болсын деп салауаттар айтамыз. Алладан түрлі дұғалар тілейміз. Тіпті осы дұғаларымыздың өзі Алла тарапына салау-атпен көтерілетінін қаперде ұстаған жон. Сағид ибн Әл-Мусайбтен жеткен хабарда Омар (р.а) былай дейді: «Маған мынадай хабар жетті: «Жасаған дұғалар жер мен аспанның арасында қалып қояды. Пайғамбарына (с.а.с) салауат айтумен ғана көтеріледі» деген.

РЕДАКЦИЯДАН: 25 қаңтар күні сағат 11.00-де Н.Бекезжанов атындағы қазақ музыкалық театрында Мәуліт кеші өткізіледі.

ТӨЛЕМАҚЫ НЕГІЗСІЗ ӨСПЕЙДІ

2014 жылдың 1 қарашасынан бастап «Теміржолсу-Қызылорда» ЖШС жылу энергиясының орташа босату тарифін 27 пайызға өсірді. Алайда, жылуға төлемакы тұрғындар үшін қолданыстағы 76,48 теңге деңгейінде қалды. Сонымен бірге, өткен жылдың 1 қарашасында еліміз бойынша 1 тонна мазуттың бағасы 20 пайызға дейін қымбаттады. Осыған байланысты облысымыздағы «Қазалы-Теміржолжылу» МКҚ-ның жылуға тарифі 5,4 пайызға өсті. Дегенмен, тұрғындар үшін баға бұрынғы күйінде қалды.

Өткен жылы электр қуатының құны 2,4 пайыздан 9,6 пайызға, ал «КЕОКО» АҚ желілері арқылы та-сымалдау қызметінің тарифі 17,3 пайызға дейін жоғарылағаны белгілі. Осыған байланысты, былтырғы 20 қантардан бастап электр энер-гия қуатының тарифтері өсіп, облыстағы электр тартушысы ком-паниялар ұсынған электр энергия-сына орташа босату тарифтерінің өсу жобасы 10,7 пайыздан 5,2 пайызға төмендетілді. Электр жарығы құнының көтерілуіне «КЕ-ГОК» компаниясының былтырғы 1 қарашадан бастап тарифін 50 пайызға қымбаттатқаны да себепші болды. Біздің аймақтағы компания-лар электр қуатының басым бөлігін Екібастұз және Жамбыл ГЭС-нен, яки сырттан сатып алатындықтан олар елімізде отын бағасының өсуін негізге алып, өз өнімдерінің бағасын көтеру жөнінде құзырлы орынға ұсыныс білдірген.

– Департамент-ке түскен ұсынымдарға сараптама жүргізудің

нәтижесінде электр энергиясы-на орташа босату тарифтері жоба-да ұсынылған 10,7 пайыздан 15,31 пайыздың орнына, 2015 жылдың 10 қантарынан бастап 7,2 пайыздан 8,9 пайызға дейін көтерілді, – делі ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің облыс бойынша депар-тамент басшысы Нұрлан Пірімов.

Айта кетейік, жуырда ауыз су жеткізіп беруші мекемелерді жаңғыртып, инвестициялық тартымдылығын қалыптастыру ая-сында елімізде ауыз суға тарифтерді белгілеудің жаңа тетіктерін енгізу жөніндегі 2013-2015 жылдарға арналған кешенді жоспар қабылданды. Мамандардың айту-ынша, биылғы жылы облыста су-мен жабдықтау ұйымдарының тарифтерін көтеру болжанып отыр. Ашығын айтсақ, судың бағасы өскенімен біздің аймақ тұрғындарының қалтасына салмақ түспейді. Себебі, біздің облыс осы жылы мемлекеттен 1,9 миллиард теңгеден астам субсидия алды. Бұл өзге облыстармен салыстырғанда ең үлкен көрсеткіш. Яғни, су бағасы қайша қымбаттағанымен қарапайым халық тіршілік нәрінің әрбір тек-ше метріне бұрынғысынан 40 теңге ғана төлейтін болады.

Енді газдандыру мәселесіне ойысайық. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бас-шысы Ержан Әбдіқалықовтың айтуынша, облыс әкімдігі мен «ҚазТрансГаз-Аймақ» АҚ ара-сында жасалған меморандумға сәйкес, аталған компания облы-сты газдандыру ісіне 23 млрд.

теңге көлемінде инвестиция сал-ды. Оған аймағымыздағы 4 аудан орталығы (Арал, Ойтекпе ке, Шиеі) және Жаңақорған мен Байқоңыр қаласын автоматтандырылған газ та-рату стансаларының құрылысы мен кварталшілік газ құбырларының құрылысын салу жоспарланған. Құрылыс жұмыстары алдағы нау-рызда басталады. Аталған жобалар сәтімен жүзеге асқан жағдайда облыс тұрғындарының 60 пайызы бағыстан келетін табиғи газбен қамтылатын болады. Ал, осы табиғи отынның бағасына келсек, Сыр өңірінде газдың құны республиканың өзге аймақтарымен салыстырғанда едәуір төмен.

Жиын соңында облыс әкімінің орынбасары Нұржан Әлібаев об-лыс басшылығының халықаралық қаржы институттарымен, оның ішінде Еуропалық қайта құру және даму банкімен тікелей бай-ланыс жасауға қол жеткізгенін атап өтті. Нақты кезеңде аталған банкпен 8 келісімге қол қойылса, соның 6-ы бойынша жұмыстар басталып кеткен. Негізнен, «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКҚ, «Қызылордаэлектртрарту ком-паниясы» АҚ және «Қызылорда суужүйесі» секілді бірнеше ірі стратегиялық нысандарды қайта жаңғыртуға аталған қаржы институ-тымен келісім бар. Аталған банк ма-мандары осы аптада өңірге келмекші. Мұның бөрі Елбасымыздың тапсыр-масына орай өңірімізде инвестиция тарту бойынша ілкімді жұмыстар атқарылып жатқанын айқындайды.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

ТАРИХЫ ҰҚСАС ТУЫС ЕЛ



Татарларда ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан дәстүрлі мереке-лер аз емес. Көптеген мерекелер халықтың өмірінен ұмытылып кетіп, кейбіреулері басқа халықтардан алынып, ұлттық ерекшеліктермен байытылған. Мерекелердің өзіндік белгіленген мерзімі бар. Ең алғашқы көктем мерекесі – Наурыз. Шөп шабу, егін жинаудың басталуы мен аяқталуы көңілді мерекеге айналып отырған. Татарлар да мұсылман ретіндегі төл мейрамдары болып саналатын бұл мерекені ерекше атап өтеді. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан татарлары Наурыз мейра-мы күндері оқушы балаларын үй-үйі аралатып, күлдіргі өлен айтып көршілерін Жаңа жыл мерекесімен құттықтайтын бұрынғы үрдісін қайта жаңғыртты.

Шамамен қыркүйек айының соңында татар ұлты Сем-

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ - ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МЕН БІРЛІК

Қазақстан халқы Ассамблеясының облыстық хатшылығы мен облыс әкімі ап-параты қоғамдық келісім орталығының ұйымдастыруымен «Қазақстан халқы Ассам-блеясы: этносаралық келісім мен татулықтың казакстандық үлгісі» атты дөңгелек үстел болып өтті. Жиынды қоғамдық келісім орталығының директоры Рахима Ахметова жүргізіп отырды.

Өңірдегі жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары мен этномәдени бірлестіктердің өкілдері және зерттеу орталықтарының мамандары қатысқан басқосуда аймақтағы ұлттар татулығы, мерейлі жылдың маңыздылығы мен атқарылатын ша-ралар кенінен талқыланды.

Шара барысында «Lev amі» облыстық ев-рей қоғамдық-мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Людмила Лп қоғамдық бірлестіктердің бүгінгі қызметін, әрбір ұлттың мәдениетін, салт-дәстүрін жанданды-ру мен ұлттық құндылықтарды жаңғыртудағы,

барлық этнос өкілдерін бір арнаға тоғыстырған бірегей институт Ассамблеяның жетістігін өз етсе, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары Айтжан Оразбаков облыс халқының көпэтникалық құрамының қалыптасу тарихына тоқталды. Сондай-ақ, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының аға оқытушысы Ж.Сыдыкова кафедраның жа-старды толеранттылыққа тәрбиелеудегі ролін, ал, Қызылорда қазақ гуманитарлық-заң және техникалық колледжінің оқытушысы С.Мусабекова оқу-тәрбие үдерісіндегі этносаралық татулық пен қоғамдық келісім мәселелерінің студенттер арасында насихатта-луын баяндады.

«Биыл мемлекетіміз үшін маңызды жыл. Себебі, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ата заңымыз мен ҚХА-ның 20 жылдығы, Женістің 70 жылдық мерекесін атап өтпекпз.

БРИФИНГ

ЖАҢА АВТОБУСТАР ЖОЛАУШЫЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Жолаушыларға қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында алына-тын үлкен сыйымдылықтағы 100 автобустың алғашқы 15-і алдағы ақпан айында Қызылорда қаласына жеткізіледі. Бұл жөнінде “Сыр ме-диа” ЖШС жанындағы коммуникациялар орталығында журналистер-мен жүздескен облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Марат Бәйімбетов жан-жақты айтып берді. Марат Серікбайұлы алдымен басқарманың өткен жылы атқарған жұмыстарына тоқталды. Басқарма басшысы соның ішінде жол жай-ын тарқатыңқырап айтты. Атап айтқанда, бүгінде облыста облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 2245,5 шақырымды құрайды. Осы жергілікті маңызы бар жолдар мен қала, кент және елді мекендер көшелеріне қайта жаңғырту, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуге, Сырдария өзенінің Тереңөзек кенті тұсынан және Қызылорда қаласынан көпір құрылысын салуға, сондай-ақ, жобалау-сметалық құжаттар мен техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуге өткен жылы республикалық және облыстық бюджеттен 11640,4 млн. теңге бөлінді. Осы қаржы есебінен 262 шақырым автокөлік жолдары күрделі және орташа жөндеуден өткізілді. Соның ішінде республикалық бюджеттен бөлінген 4195,4 млн. теңгеге 94 шақырым жолға жөндеу жұмыстары атқарылды.

Негізі былтыр республикалық бюджеттен бөлінген қаржыға Тереңөзек кенті тұсынан Сырдария өзеніне салынған көпір мен облыстық маңызы бар “Жалағаш-Жосалы” автомобиль жолының соңғы 27 шақырымы және “Самара-Шымкент-Жанақорған-Түгіскен-Келінтөбе” автомобиль жолының бес шақырымы толық жөндеуден өткізіліп, пайдалануға берілді. “Жұмыспен қамту-2020” бағдарламасы бойынша да орташа жөндеу жұмыстарына 697819 мың теңге бөлінді. Бұл қаржыға Арал ауданының Сексеуіл кентіндегі және Шиеі мен Жаңақорған аудандарындағы аудандық маңызы бар елді мекендер көшелері орташа жөндеуден өткізілді. Осындай автомобиль жолдары мен көпірлер құрылысына және 12 жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеп, мемлекеттік сараптамадан өткізуге жергілікті бюджеттен бөлінген 7445 млн. теңге де толықтай игерілді. Кең көлемдегі мұндай жұмыстар биылғы жылы да жалғасын табатын болады.

Облыста жолаушыларға көлік қызметін көрсету мен көлік инфрақұрылымын жандандыру жұмыстары да жақсарып келеді.

Жолаушы тасымалындағы соңғы жаңалықтардың бірі, ол қалааралық және облысаралық маршруттардың тасымалдаушыларының өз ұсыныстарымен бірыңғай орталықтандырылған диспетчерлік қызметті жүйелеу үшін 13 автобуска GPS-диспетчерлік навигациялық кондырғы орнатылып, пилоттық тәжірибе жүргізілуде. Бұл құрылғы тасымалдаушыларға және автостансаларға көлік құралдарының қозғалыс барысын көріп отыруға және басқалай жағдайлар туындағанда жедел шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Сондықтан да осын-дай тиімділікті бар тәжірибені алдағы уақытта ауданаралық қатынастардағы өзге де автобустарға кезең-кезеңімен енгізу жоспарланып отыр.

Бір ерекше ескере кетерлік жайт, ол облыс көлеміндегі автобустардағы жолақы тарифтері тұрақты. Со-нымен қатар облыс және аудан орталықтарынан шалғай орналасқан, жолаушылар ағымы аз және жо-ласы төмен 11 маршрут әлеуметтік мәні бар маршруттар қатарына жатқызылып, олар облыстық бюджет есебінен қаржыландырылып келеді.

белз («масак, дән») мерекесін тойлаған. Бұрынғы уақытта татар-ларда дәстүрлі мереке жиын деген болған. Бұл мерекеде достар мен туыстардың кездесуі болған. Қазіргі уақытта бұл мереке сабантой деп аталатын басқа мерекемен ұштасып кеткен. Сабантойда түрлі спорттық жарыстар: гір көтеру, бағанаға өрмелеу, су тасу, аяқты байлап қаппен секіру және т.б. өткізілген. Қазіргі күні де бұл мерекені жергілікті та-тарлар ерекше ықыласпен тойлайды. Татарлардың кейбір ғұрып-тық мерекелері сақталып қалған. Оның ішіндегі «жанбыр тілеу» жаз-да құрғақшылық болғанда өткізілген. Бұнда балалар жанбыр тілеп ән айтып, бір-біріне су құйған. Қазақтарда мұндай салтты тасаттық беру деп атайды. Яғни, ауыл адамдары жиналып дүниеден өткен кісілерге құран бағыштап, мал сойып, егіннің өнімді болуын, жанбырдың жау-уын тілейді.

Татарлардың ежелгі дәстүрлерінің енді бірі көктемде өзендерде сен жүре бастағанда жастар «Сенді шығарып салу» рәсімдерін тойлау. Жас-тар өзен жағасына жиналып гармонь тартып, би билеп, частушка ай-тып, камыстан жасалған «адамды» жағып тамашалайды. Ал, «Қарға ботқасын» өткізу мерекесі құстардың аймаққа келу құрметін той-лау, құстарға жем шашу, жастардың топталып құстарға арнап өлен ай-туы, түрлі ойын ойнауымен өткізіледі. Бұл ауылдық жерлерде көктемгі егістің басталу қарсаңында болады. Ондағы басты мақсат егіннің бітiк шығуын, ризықтың мол болуын тілеу болып саналады.

Жалпы татарлардың бұрынғы салт-дәстүрлерінің бірсыпырасы сақталып қалған, көбінесе қазақ ауылдарында тұратын татарлар олардың көптеген элементтерін сақтап, ұмытпай, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Мұны татар халқының бүгінгі болмыстарынан айкын аңғаруға болады.

М.ОТАРАЛЫ.

Біз бұл мерекені атап өтіп қана қоймай, кейінгі ұрпаққа үлгі болатындай дүние қалдыруымыз керек. Бұл ретте бірлестіктердің атқаратын қызметі зор. Өңірдегі әрбір шараға барша-мыз атсалысамыз. Еліміздің осындай бейбіт күн аясында өмір сүріп, жақсы күндерді көруі Елбасының жүргізген салихалы саясатының арқасы деп білемін. Сондықтан әрдайым ынтымағымыз жарасып, ұлттық келісім мен ұлттық татулықты сақтап, бүгінгі күнді бағалай білгеніміз абзал»,- делі «Lev amі» облыстық еврей қоғамдық-мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Людмила Лп.

Осылайша, елдегі қоғамдық келісімді нығайту жолында атқарылатын шараларды талқылаған басқосуда ойларын білдірген қатысушылар еліміздің басты құндылығы бо-лып табылатын ұлтаралық келісім мен бірлікті сақтауда жастарға үлгі көрсетіп, өскелең ұр-пақтың бір-бірілеріне деген құрметтерін артты-ру қажеттігін баса айтты.

М.ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

БРИФИНГ



Мұнан бөлек көлік жүйесі инфрақұрылымын дамыту бағытында да жоспарлы жұмыстар жүзеге асырылуда. Соның бірі Қазақстан Республикасының көлік жүйесі инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың іс-шаралар жоспарына облыстан жеке инвестициялық қаржы есебінен үш жоба енгізілген. 2015-2018 жылдар аралығында іске асы-рылатын бұл жобалардың қатарында Қызылорда қаласынан автовокзал және Шиеі мен Жосалы кенттерінде автостанция құрылыстары салы-нады. Осының ішінде Шиеі кентіндегі автостанция құрылысы бүгінгі күндері басталып та кетті. Сонымен қатар аталған бағдарлама аясын-да ауылдық округтерден 34 жолаушыға қызмет көрсету пункті мен ау-дан орталықтары мен Қызылорда қаласынан 42 такси тұрағын салу да жоспарланып отыр.

Көпшілікке белгілі, Қызылорда қаласында жолаушылар тасымалы қызметі сапасын арттыру мақсатында “Байқоңыр” ӘКК” АҚ қалалық автобус паркін жанартудың 2013-2015 жылдарға арналған екі кезеңдік жобасын әзірледі. Жобаның бірінші кезеңінде газмоторлы отында жұмыс істейтін, қазіргі заманға сай 20 автобус сатып алынды. Ал, енді екінші кезеңде “Байқоңыр” ӘКК АҚ, қала әкімдігі мен Еуропалық қайта құру және даму банкі арасында жасалған үш жақты меморандумының негізінде биыл қосымша 100 автобус әкелінеді. Осы автобустардың алғашқы 15-і алдағы ақпан айында қалаға жеткізіледі деп күтілуде. Со-нымен қатар осы екінші кезеңде көгілдір отынды өңдейтін кіші станци-ясы бар жаңа автобус паркін салу да көзделіп отыр.

Әуе көлігі де бүгінде аптасына 20 рейс орындап жүр. Енді Қорқыт ата әуежайының халықаралық мәртебе алуына байланысты жақын да алыс шетелдерге қатынайтын рейстерді көбейту де көзделуде. Осы мақсатта жаңа әуежай терминалын салу бағытында кең ауқымдағы жұмыстар атқарылуда. Сондай-ақ, темір жол көлігімен де жүк және жолаушы та-сымалдау да артып келеді. Жал-пы, көліктің қандай түрімен болма-сын жолаушыларға қызмет көрсету ісі алдағы уақытта қазіргісінен де жанда-на түсетін болады.

А.АМАНЖОЛУЛЫ.



«Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ереже

(Басы 3-бетте).

асыру, осы объектілерде сәулет-қала құрылысы тәртібін бұзушыларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексында белгіленген әкімшілік ақпал ету шараларын қолдану;

4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лицензиялауды жүзеге асыру;

5) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы белгіленген заңнама нормаларын, мемлекеттік нормативтік талаптарды, шарттар мен шектеулерді жол берілген бұзушылықтар мен ауытқуларын байланысты бұзушыларға көзделген заңнамалық шараларды қолдану туралы шешімдер қабылдау;

6) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инженерингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру құқығына сарапшыларды аттестаттау;

7) жобалау құжаттамасының сапасына қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

8) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру барысында заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекетті органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан заңнамалар бекітілген тәртіппен қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы.

2) Басқарма:

занды және негізделген шешімдер қабылдауға;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға.

3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру

18. Басқарма басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Басқарманың бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз қызметін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда басқарманы білдіреді;

3) Қызылорда облысының бас сәулетшілесі болып табылады;

4) еңбек қатынастары мәселелерін өз құзыретіне жататын Басқарма қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;

6) еңбек қатынастары мәселелерін өз құзыретіне жататын Басқарма қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

7) бұйрықтарға қол қояды;

8) Басқарма атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

9) шарттар жасасалды;

10) сенімхаттар береді;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауапты болады;

12) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

13) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;

14) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

15) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

16) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

17) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асырады;

18) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

19) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын

тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

23. Басқарманың жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

24. Басқарма мен облыс әкімдігі, Басқарма әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасымен реттеледі.

25. Басқарманың жұмыс режимі:

1) Басқарма дүйсебіден бастап жұмаға дейін аптасына 5 (бес) күн жұмыс істейді;

2) Басқарманың жұмыс уақыты жергілікті уақыт бойынша сағат 09.00-де басталып, сағат 19.00-де аяқталады. Сағат 13.00-ден сағат 15.00-ге дейін үзіліс;

3) Басқарма сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс істемейді.

26. Басқарма мен облыс әкімдігі арасындағы, Басқарманың әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

4. Басқарманың мүлкі

27. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда желел басқару құқығында оқушылған мүлкі болу мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік несі берген мүлік, сондай-ақ, өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақпалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

28. Басқармаға бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

29. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен несілетін шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

30. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызметке конкурс

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті, 120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 64 «ғ»; тел.: 8 (7242) 238775, факс 8 (7242) 238775, 235171; электронды пошта мекен-жайы: obch@taxkzil.mgd.kz, moralbaeva@taxkzil.mgd.kz; Экономикалық тергеу қызметінің желел-тергеу бөлімшелеріндегі бос лауазымдарға орналауға конкурс жариялалды.

Конкурстық комиссия жұмысының объективтілігі мен айқындылығын қамтамасыз ету үшін оның отырысында бақылаушылардың қатысуы рүкест өтіледі.

1. Көленкелі экономикаға қарсы іс-қимыл басқармасы заңсыз кәсіпкерлік қызметке және жалған ақша жасауға қарсы іс-қимыл бөлімінің бас маманы – аса маңызды істер жөніндегі аға тергеуші, (С-GDO-5, 1 бірлік).

Функционалдық міндеттері: Көленкелі экономика саласында, ал нақтырақ, заңсыз кәсіпкерлік, жалған ақша жасау, заңсыз игор, алкогольды өнімдер, мұнай және мұнай өнімдері, балық және балық өнімдерінің бизнесі, жалған кәсіпкерлік және жалған кәсіпкерлік пен жалған және қасақана банкроттықпен байланысты ұйымдардың салықтар және (немесе) басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлеуден жалтаруы бойынша құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды анықтау, ашу және тергеу; желел-іздістіру қызметі тәжірибесін қолдануды ұйымдастыру, есепке алу және талдау.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсібі білімі. Құқық қорғау, арнаулы органдарында немесе әскери қызметінде кемінде үш жыл қызмет өтілінің, немесе мемлекеттік органдарда кемінде бес жыл жұмыс өтілінің, немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде жеті жыл жұмыс өтілінің болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің және дағдысының болуы. Құқық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы.

2. Көленкелі экономикаға қарсы іс-қимыл басқармасы заңсыз кәсіпкерлік қызметке және жалған ақша жасауға қарсы іс-қимыл бөлімінің жетекші маманы – офицер, (С-GDO-6, 1 бірлік).

Функционалдық міндеттері: Көленкелі экономика саласында, ал нақтырақ, заңсыз кәсіпкерлік, жалған ақша жасау, заңсыз игор, алкогольды өнімдер, мұнай және мұнай өнімдері, балық және балық өнімдерінің бизнесі, жалған кәсіпкерлік және жалған кәсіпкерлік пен жалған және қасақана банкроттықпен байланысты ұйымдардың салықтар және (немесе) басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлеуден жалтаруы бойынша құқықбұзушылықтар мен қылмыстарды анықтау, ашу және тергеу; желел-іздістіру қызметі тәжірибесін қолдануды ұйымдастыру, есепке алу және талдау.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсібі білімі. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің және дағдысының болуы. Құқық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы.

3. Көленкелі экономикаға қарсы іс-қимыл басқармасы жалған кәсіпкерлікке және заңсыз банкроттауға қарсы іс-қимыл бөлімінің бас маманы – аса маңызды істер жөніндегі аға тергеуші, (С-GDO-5, 1 бірлік).

Функционалдық міндеттері: Көленкелі экономика саласында, ал нақтырақ, заңсыз кәсіпкерлік, жалған ақша жасау, заңсыз игор, алкогольды өнімдер, мұнай және мұнай өнімдері, балық және балық өнімдерінің бизнесі, жалған кәсіпкерлік және жалған кәсіпкерлік пен жалған және қасақана банкроттықпен байланысты ұйымдардың салықтар және (немесе) басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлеуден жалтаруы бойынша құқықбұзушылықтар мен қылмыстарды анықтау, ашу және тергеу; желел-іздістіру қызметі тәжірибесін қолдануды ұйымдастыру, есепке алу және талдау.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсібі білімі. Құқық қорғау, арнаулы органдарында немесе әскери қызметінде кемінде үш жыл қызмет өтілінің, немесе мемлекеттік органдарда кемінде бес жыл жұмыс өтілінің, немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде жеті жыл жұмыс өтілінің болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің және дағдысының болуы. Құқық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы.

4. Көленкелі экономикаға қарсы іс-қимыл басқармасы жалған кәсіпкерлікке және заңсыз банкроттауға қарсы іс-қимыл бөлімінің жетекші маманы – тергеуші, (С-GDO-6, 1 бірлік).

Функционалдық міндеттері: Көленкелі экономика саласында, ал нақтырақ, заңсыз кәсіпкерлік, жалған ақша жасау, заңсыз игор, алкогольды өнімдер, мұнай және мұнай өнімдері, балық және балық өнімдерінің бизнесі, жалған кәсіпкерлік және жалған кәсіпкерлік пен жалған және қасақана банкроттықпен байланысты ұйымдардың салықтар және (немесе) басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлеуден жалтаруы бойынша құқықбұзушылықтар мен қылмыстарды анықтау, ашу және тергеу; желел-іздістіру қызметі тәжірибесін қолдануды ұйымдастыру, есепке алу және талдау.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсібі білімі. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің және дағдысының болуы. Құқық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы.

5. Қаржы саласындағы құқық бұзушылықтарды тергеу басқармасы қаржы-несие саласындағы құқық бұзушылықтарды тергеу бөлімінің бас маманы – аға офицер, (С-GDO-5, 1 бірлік).

Функционалдық міндеттері: Департаменттің Экономикалық тергеу қызметінің желел және тергеу бөлімшелерінің Қазақстан

Республикасының заңнамасы бойынша Экономикалық тергеу қызметінің құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға қарсы әрекет ету бойынша өзара әрекеттестігін ұйымдастырады.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсібі білімі. Құқық қорғау, арнаулы органдарында немесе әскери қызметінде кемінде екі жыл қызмет өтілінің, немесе мемлекеттік органдарда кемінде төрт жыл жұмыс өтілінің, немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде бес жыл жұмыс өтілінің болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің және дағдысының болуы. Құқық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы.

6. Қаржы саласындағы құқық бұзушылықтарды тергеу басқармасы қаржы-несие саласындағы құқық бұзушылықтарды тергеу бөлімінің жетекші маманы – офицер, (С-GDO-6, 1 бірлік).

Функционалдық міндеттері: Департаменттің Экономикалық тергеу қызметінің желел және тергеу бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Экономикалық тергеу қызметінің құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға қарсы әрекет ету бойынша өзара әрекеттестігін ұйымдастырады.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсібі білімі. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің және дағдысының болуы. Құқық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы.

7. Қаржы саласындағы құқық бұзушылықтарды тергеу басқармасы бюджет саласындағы құқық бұзушылықтарды тергеу бөлімінің бас маманы – аса маңызды істер жөніндегі аға тергеуші, (С-GDO-5, 1 бірлік).

Функционалдық міндеттері: Департаменттің Экономикалық тергеу қызметінің желел және тергеу бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Экономикалық тергеу қызметінің құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға қарсы әрекет ету бойынша өзара әрекеттестігін ұйымдастырады.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсібі білімі. Құқық қорғау, арнаулы органдарында немесе әскери қызметінде кемінде үш жыл қызмет өтілінің, немесе мемлекеттік органдарда кемінде бес жыл жұмыс өтілінің, немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде жеті жыл жұмыс өтілінің болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің және дағдысының болуы. Құқық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы.

8. Қаржы саласындағы құқық бұзушылықтарды тергеу басқармасы бюджет саласындағы құқық бұзушылықтарды тергеу бөлімінің бас маманы – аға офицер, (С-GDO-5, 1 бірлік).

Функционалдық міндеттері: Департаменттің Экономикалық тергеу қызметінің желел және тергеу бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Экономикалық тергеу қызметінің құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға қарсы әрекет ету бойынша өзара әрекеттестігін ұйымдастырады.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсібі білімі. Құқық қорғау, арнаулы органдарында немесе әскери қызметінде кемінде екі жыл қызмет өтілінің, немесе мемлекеттік органдарда кемінде төрт жыл жұмыс өтілінің, немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде бес жыл жұмыс өтілінің болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің және дағдысының болуы. Құқық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы.

9. Салық және кеден салаларындағы құқық бұзушылықтарды тергеу басқармасының бас маманы – аса маңызды істер жөніндегі аға тергеуші, (С-GDO-5, 2 бірлік).

Функционалдық міндеттері: Департаменттің Экономикалық тергеу қызметінің желел және тергеу бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Экономикалық тергеу қызметінің құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға қарсы әрекет ету бойынша өзара әрекеттестігін ұйымдастырады.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсібі білімі. Құқық қорғау, арнаулы органдарында немесе әскери қызметінде кемінде үш жыл қызмет өтілінің, немесе мемлекеттік органдарда кемінде бес жыл жұмыс өтілінің, немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде жеті жыл жұмыс өтілінің болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің және дағдысының болуы. Құқық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы.

10. Салық және кеден салаларындағы құқық бұзушылықтарды тергеу басқармасының жетекші маманы - тергеуші, (С-GDO-6, 1 бірлік).

Функционалдық міндеттері: Департаменттің Экономикалық тергеу қызметінің желел және тергеу бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Экономикалық тергеу қызметінің құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға қарсы әрекет ету бойынша өзара әрекеттестігін ұйымдастырады.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсібі білімі. Осы лауазым бойынша функционалдық

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшылығының азаматтарды қабылдау кестесі

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қабылдау күндері, күнделікті,	Қабылдау уақыты
1	Жылқышиева Жәзира Жақсылыққызы	Басқарма басшысы	күнделікті,	09:00-13:00, 15:00-19:00.
2	Ескараева Алтынқұл Итенқызы	Басқарма басшысының орынбасары	күнделікті,	09:00-13:00, 15:00-19:00.
3	Ибраева Айгүл Болатқызы	Басқарма басшысының орынбасары	күнделікті,	09:00-13:00, 15:00-19:00
4	Алдажаров Аманжол Исатайұлы	Басқарма басшысының орынбасары	күнделікті,	09:00-13:00, 15:00-19:00.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамаларының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында (8 7242) 27-02-06 «сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

сәйкес келетін салаларда кемінде жеті жыл жұмыс өтілінің болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің және дағдысының болуы. Құқық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы.

15. Желел-іздістіру қызметі басқармасы арнайы іс-шаралар және зерттеу бөлімінің бас маманы – аға офицер, (С-GDO-5, 1 бірлік).

Функционалдық міндеттері: арнайы техникалық құрал-жабдықтарымен қолдану арқылы қылмыстық іс-әрекеттерді құжаттау және фиксациялау; қылмыстық істің және желел есепке алу істерінің шеңберінде жасырын тергеу амалдарын жүргізу; желел іздістіру іс-шараларын техникалық жолмен қамтамасыз ете отырып, алып жүру; арнайы және басқа да техникалық құралдармен қамтамасыз ету; лауазымдық нұсқауда көрсетілген басқа да міндеттерді орындау.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсібі білімі. Құқық қорғау, арнаулы органдарында немесе әскери қызметінде кемінде екі жыл қызмет өтілінің, немесе мемлекеттік органдарда кемінде төрт жыл жұмыс өтілінің, немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде бес жыл жұмыс өтілінің болуы. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің және дағдысының болуы. Құқық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы.

16. Желел-іздістіру қызметі басқармасы арнайы іздістіру және қылмыстық процесс қатысушыларды қорғау бөлімінің бас маманы – аса маңызды істер жөніндегі аға офицер, (С-GDO-5, 1 бірлік).

Функционалдық міндеттері: Комитеттің құзырына кіретін міндеттерге байланысты, қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша тұлғаларды, мемлекеттің мүддесіне сәйкес, соттың қаулысымен олардың мекен-жайларының белгісіз болуына байланысты талаптар бойынша жауапкерлерді іздеу үшін желел-іздістіру, соның ішінде арнайы және жасырын іс-шараларды өткізу, Комитеттің құзырына кіретін міндеттерге сәйкес, іздеуде жүрген тұлғаларды экстрадициялау және айдап алып жүруді ұйымдастыру, Комитеттің және Департаменттің ЭТК қызметкерлерімен желел іздістіру шараларын және басқа да іс-шаралар жүргізу барысында қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етеді. Тергеу барысында қылмыскерлерді анықтау және ұстау; лауазымдық нұсқауда көрсетілген басқа да міндеттерді орындау.

Өн мен жылдың бесігі атанған Сыр елі – дарабоз ақын-жыраулармен қатар жанарынан жау үріккен қанарман қолбасшыларға да, көрген көсемдігімен көш бастаған би-шешендерге де, қалың елінің шаңырағын шайқалтпай қабырғалы қайраткері атанған айтулы азаматтарға да кенде болмаған. Осы саптағы сардарлардың арасындағы бірі де бірегейі бойында терен тектілік пен айтулы азаматтық, шуақты жүзі мен жылы мейірімі, өнегелі ісі арқылы есімі Сыр елі жұртшылығының жүрегінде жазылып қалған Камал Шөкенов де-сек, есте асыра айтқандығымыз болмас. Көмекеңнің аламы қалпынан айнымайтын бітім-болмысын көргенде марқайып қалатынбыз. Ол кісі туралы көргендеріміз бен көңілге түйгендерімізді талғам таразысына салар болсақ, туа бітті тектілігіне, қарапайым қалпымен ақ жолдан аласпай жүрген азаматтығына қайран қаламыз.

Қырық жыл бойы қаржы тайказанын қайнатып, мерейін үстем еткен, өзінің адал қызметі арқасында ел-халықтың үлкен құрметіне бөленген Камал Шөкеновті 1935 жылдың қаңтар айында Жалағаш ауданына қарасты Қаракеткен стан-сасында дүниеге келген. Көне көздердің айтуынша, әкесі Шөкен де аузын ашса жүрегі көрінетін, нұрлы жүзінен имандылық шуағы төгіліп тұратын абыз ақ-сақал болған көрінеді. Мөңке аталығы Шөкеннен – Жібек, Камал, Мүсірәлі тараса, Камалдан – Бауыржан, Батырхан, Бақытжан және Раушан, ал Мүсірәліден Әлия, Ғалымжан есімді ұрпақтар өріп, өркен жайған.

Көмекеңнің балалық бал дәуіріне сұрапыл соғыстан соң ел енді-енді есін жиып, еңесінен көтеріп келе жатқан жылдармен тұспа-тұс келеді. Тұрмыс тауқыметін тартқан ол да ерте есейді. Буыны бекке, бұтанасы қатаймай жатып еңбекке аралдасы.

– Бала кезімізде егін орағы басталы-сымен біріміз қырман басында болсақ, біріміз үй-үйден қолдағы есектерді жинап, 50-60 шақырым қашықтықтағы Қара-өзек жағасындағы қырманға жеткенше ойнап барып, қайтарда екі-үш қаптан астық өңгіріп, біріне-бірі байлап, жаюу жетектеп Қаракеткен астық қабылдау пунктіне келетініміз. Жолда болатын түн-гі қиыншылықтар, әсіресе, шаршаған, жатаған мақұлықтардың азаптары, тесіл-ген қанар қаптардың әлегі, бір-жары естен кетпейтін көріністері, – деп бәзбәді Көмекең өзінің “Ғибратты ғұмыр” атты ғұмырнамалық жазбасында.

Көмекең айтса айтқандай, Қаракет-кендегі 7-жылдық мектепті 1949 жылы бітіріп, Алматыдағы сол кездегі Қар-жы министрлігіне қарасты қаржы-нес-ие техникумына оқуға түсіп, оны 1952 жылы тәмамдайды. Еңбек жолын Жала-ғаш аудандық мемлекеттік банк бөлім-шесінде бастайды. Бір жыл жұмыс істеген баласына әкесі Шөкен ақсақал: “Балам, көзіңнің тірісінде оқып, білім алғаның абзал. Бізге қарайлама, оқуыңды әрі қарай жалғастыр. Білімді азамат болсаң, еліне берерің мол болады” деген ақылын айтып, ақ мол тілейді.

– Өріне, оқығанның жақсы екенін мен де сезінетінім, бірақ тапшылықтан әлі аршыла алмаған қиын кезең, әрі әкеміз сол кездерде зейнеткер, алатын зейнетақысы небары 36-ақ сом болатын. Алдымдағы апам Жібек тұрмыс құрған. Ал, оқу үшін, өріне, қаражат керек. Осы жағын ойлап, әкемізге мен әлі де жұмыс істейін, кейін жағдай жақсарса, оқу ешқайда қашпас, сырттан ақып жүрмін гой дегенімде ол кісі алғашқы айтқан ойын теңерейді түсіп: “Біз бұдан да ауыр кезеңдерді бастан кешіргенбіз, қазір, Құдайға шүкір, заман күннен-күнге түзеліп келеді, қай нәрсенің болмасын өзіндік қиындығы болады, ал, адам баласы соның барлық ауыртыпалықтарына төзе білу керек, өйт-кені бүгін қиналсаң, ертең соның ра-хатын көресің. Сондықтан, қазіргі қиын-шылықтан қашпай, жас кезіңде оқып, білім алғаның дұрыс” деген еді әкем, – дейтін Көмекең.

Әке аманатын арқаалаған ол Ташкент қаласындағы қаржы-экономикалық ин-ститутынан дәріс алып, құрмеуі қиын қаржы саласының білгірі атаңауға белді бекем буады. 1957 жылы Қызылорда об-лыстық қаржы бөліміне қызметкер бо-лудан басталған еңбек жолы әрі қарай жалғасып істе береді. Сол жылы Қы-зылорда облыстық қаржы бөлімі халық шаруашылығын қаржыландыру бөлімі-нің экономисі болған Камал Бертін ке-ле осы бөлімнің аға экономисі, бөлім бастағы, облыстық қаржы бөлімі ме-нергершісінің орынбасары – бюджет бөлі-мінің бастағы болды. Ал, 1970 жылы облыстық қаржы бөлімі менгерушісі қызметіне тағайындалады. Айта кету ке-рек, сол уақытта Қызылорда облысы құ-рылғанынан бері облыс тарихында қар-жы бөлімінің басшысы болып бірде-бір жергілікті маман тағайындалмаса, ал-ғашқы болып Камал Шөкеновке сенім артылған. Ел-халықтың сенім жүгін қайыспай арқаалаған қайталанбас қаржы-гер отыз жылға жуық басшылық қызметте болды. Отыз бес жасында орда бұзып, отыз жыл басшылық қызметте жүргенде оның басынан небір “кереметтер” өтпейді дейсіз. Десе де, басшылық қызметке ұзақ отыру Көмекеңнің басына қонған бақ болар.

– Жалпы, обкомға бірінші хатшы болып сайланған қай басы да келісі-мен obligationнан бастап облыстық меке-мелердің басыларына дейін өзгертіп жататын. Солардың ішінде Сабыр Арыс-танбаев пен облыстық қаржы басқар-масының бастағы Камал Шөкенов екеуі ғана орындарынан мызғымайтын” деп жазды қаламгер Мурат Келімбетов “Сабыр туралы сыр” атты деректі кіта-бында.

– Меніңше, – деген екен Көмекең бір жазбасында, – қызметтің тұрақтылығы лауазым несінің игілікті істеріне, ұйым-дастырушылық қабілетіне, адамгершілік бітім-болмысына байланысты болса ке-рек. Мен басып қолдаған 27 жыл ішінде облыс басшылары бір емес, бірнеше рет ауысты. Бірмен тіл табысып жұмыс істей білдім.

Айтса айтқандай, Камал аға кезін-де облыстық партия комитетінің бірін-ші хатшылары болған Мұстахым Ык-санов, Хасан Бектұрғанов, Исатай Әб-дікаримов, Тәкей Есетов, Еркін Әуел-беков, Сейілбек Шаухаманов, халық



ДАРИЯ КЕУДЕ, ТАУ МҮСІН

депутаттары облыстық кеңесі атқару ко-митеті төрағалары болған Әбен Асқаров, Шаймерден Бәкіров, Сағидолла Құбашев, Ыдырыс Қалиев, Евгений Золотарев, Виталий Брынкин, облыс әкімдері бол-ған Сейілбек Шаухаманов, Бердібек Са-парбаев сынды қоғам және мемлекет қайраткерлерімен тұз-дәмдес, қызметтес болуы тектен-тек болмаса керек.

Қаржы саласының майын ішкен мі-незділігімен, тұрақтылығынан табанын тайдырмай, ақ жолдан аласпай жүрген Көмекеңнің басынан, жоғарыда айтқан-дай, небір оқиғалар өтті. Кезінде об-лыстық атқару комитетінің төрағасы Ви-талий Брынкиннің: “Сізбен қызметтес болу қиын болатын шығар” деген сөзді жайлап айтса да жүрегіне салмақ салған.

– Жастық албырттықтың салқыны болар, бір мәселеге келгенде белден басқысы келетін сынайын байқатты, – деген екен кезінде Көмекең.

Кейін Виталий басқа қызметке ау-ысқанда өзінің қателескенін түсініп “Сіз-

тармен қаржы мамандарының ұсыныс-тарын сарапқа салып, облыстың қаржы айналымына көкселі, міндеттеме қағз-дарын енгізуге байлам жасайды. Соның нәтижесінде 10, 25, 50 және 100 теңгелік бюджеттік мекемелер қызметкерлерінің еңбекақы және зейнетақы қарыздары есебінің бестен бір бөлігіне дейін жай көксель арқылы өтеуі, ал кәсіпорындар үшін есептік міндеттеме (расчетная обязательство) шығарылған. Сондай-ақ, Қызылорда қаласына газ алып келу мақ-сатымен 1000 теңгелік “Инвестиция-Газ” облигациясы да Камал ағаның бастамасымен шығарылады. Бұл қағз-дардың бетінде сол кездегі облыс әкімі Б.Сапарбаев пен облыстық қаржы бас-қарма бастағы К.Шөкеновтердің қолдары қойылған. Сол жылдары Қызылордада жай көкселмен күнделікті азық-түлік тауарларын сатып алу үшін алты дүкен жұмыс істесе, коммуналдық қызметтердің көпшілігі жай көксель арқылы өтеледі. Кейін еліміз еңсесін тіктеп, экономика түзеле келе жай көксель мен есептік міндеттеме қағаздарының айналымына тоқтап жасалады.

Камал Шөкеновтің Сыр елі халқы үшін атқарған ауқымды істері мен ересен еңбектерін санамалап айту есте мүмкін емес. Тағы бір деректі айтар болсақ, “Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы” Заң жобасы-ның дайындалып, өмірге келуіне де бірден-бір үлес қосқан Камал аға еді.

Камал аға құрметті зейнет демалы-сына шықса да еңбек етуден қол үзбеген. Сол кездегі облыс әкімі Б.Сапарбаев Ка-мекеңді аса құрметпен зейнет демалы-сына шығарып, өзіне кеңесшілік қыз-метке шақырған. Десе де, қаржы сала-сының сандығы өзінің туа бітті кәсібі қаржы саласын қалады. Облыстық қаржы бақылау комитетінің ұйымдастыру бөлі-міне бақылаушы-тексеруші болып бара-ды. Бертін келе қазақстандық экономика және құқық институтының Қызылорда филиалының директоры қызметін атқа-рады.

азаматтарға қолдау жөніндегі жалпы ұлт-тық қор туралы” Жарлығын жан-тәнімен қолдап, мүмкіндігі келгенше үлесін қосты. – Дегенмен, егеменді еліміздің бола-шағына кәміл сенген халқымыздың өзі-нің дархан даласындай кеңпейілділігін өздерін өздері жұбатып, көңілдерін кеңге салуы біздің де бойымызға қуат беріп, жабырқаған көңілімізді жалдыратып отыр-ды. Тап осындай халқы бар елден айнал-массын ба? – деп жүрек жазбасын жазады Көмекең.

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете жүретін сырбаз да ақпейіл, бітім-болмысы бөлек, жомарт жүректі азаматтың айна-ласына шашып жүрген шапағаты да ескерусіз қалған жоқ. Ел алдындағы ересен еңбегі еленіп “Құрмет белгісі” орденімен, ондаған еңбек және мерекелік медальдармен марапатталып, Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен нағрадалады. Ал, 1981 жылы еліміздің халық шаруашылығы салаларын қаржы-ландырудағы сіңірген еңбегі үшін “Қа-зақстан Республикасының еңбек сіңірген экономисі” құрметті атағын иеленеді. Сондай-ақ, қазақстандық Экономика жа-

не құқық институтының ғылыми кеңесі шешімімен профессор атағын да алады.

– Бірақ, – деген Көмекең тағы бір жүрекжарды сырын ашып, – мен үшін ең қымбаттысы “1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін” атты медаль. Бұл – балалық бал дәуіріміздегі ауыртыпалықтың жоқшылықтың куәгері. Осыған қарап тәубешілік етемін.

Көмекеңнің осындай дәрежеге жетіп, өсіп-өркен жаюына бірден-бір жағдай жасап, қолдау болған құдай қосқан қосағы Ділара. Бұл аямыз да денсаулық сақтау саласындағы қаржы саласында 40 жылдай қызмет еткен.

Бүгінде немере-шөберелерінің қызы-ғына кеңейіп отырған Ділара аямыз:

– Мені Алла тағала Көмекеңмен 1957 жылдың тамыз айында жұптастырып, шаңырақ көтердік. Қатарымыздан төмен болған жоқпыз. Көмекең уақыттымен санаспай, үлкен айлық пен байлыққа қызықпай бір мекемеде, яғни, облыстық қаржы саласында 40 жыл бойы абыройлы қызмет етті. Құрметке бөленді. Ел-хал-қтың алғысына кенелді. Көптеген ізбасарларын тәрбиеледі. Ұлды, қызды болдық, олардың бәрі жоғары білім алды. Өткен өмірімізге өкілеміз жоқ. Алла нәсіп етсе, Көмекеңнің 80 жылдық тор-қалы тойын өткізіп, еске алғылы отыр-мыз. Өтпеген-ай, Көмекеңнің орны ой-сырап-ақ тұр гой. Тағдырға не шара? Жаратушы неміз ұл-қыздарымыз бен немере-шөберелерімізге аталарының ақ жолынан адалсауыды жазсын, – дейді жү-регінде мәңгілікке жазылып қалған қо-сағын сағынышпен еске алып.

Қара шаңырақтың түтінін тұзу шы-ғарып, отбасының бірлігі мен берекесін сақтаған олардың ұяларынан Ділара апа айтқандай, алтын асықтай ұлдар мен қызғалдақтай қыз бала өмірге келіп, ата-сы мен аясы салған өнегелі өмір жо-лымен жүріп келеді. Үлкені Бауыржан Ленинградтағы Н.Крупская атындағы мемлекеттік мәдениет институтына дө-ріс алып, бүгінде өнер саласында қызмет атқарып жүрсе, Алматыдағы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияны бітірген өнер жұлдызы Батырхан есімі әлемге әйгілі. Ол “Жыл адамы”, “Аттын адам – 2002, 2006”, республикалық “Па-тиналы тарлан” сыйлығын иеленген. Ал, Бақытжан Мәскеудің халықаралық бизнес және ақпараттық технология институтынан дәріс алып, ақпараттық саланың көш басында қызмет етіп жүрсе, қызғалдақтай қыздары Раушан да жоғары білім алып, ақ қалатты абзал жан атаңды. Ұяға қонған ұлдар мен қияға қонған қыздар тараған Көмекеңнің немерелері де өсіп, өркен жайып келеді.

Дарабоз тұлға туралы жазбама нүкте қойғалы жатқанда Көмекеңнің жұртшы-лыққа айтқан мына бір жүрек жазбасы қолыма түскен еді. Назар аударалық.

– Қаліремді қауым, айналайын ағайын! Өздеріңіз білесіздер, мен қа-ламгер емеспін, қаржыгермін. Бүкіл са-налы ғұмырымыз да, барлық күш-жі-герім мен қабілет-құпиямымы да тірлік-тауқыметі мол аталымны салаға жұмсаған екенмін. Осы мерзім ішінде нендей іс тындырдым? Қандай биікке көтерілдім? Оған баға беретін де, төрелік айтатын да өздеріңіз дер едің. Бірақ, мен қанша да адалдықтың ақ жолынан айнамай, ел-халқымын жоғын жоқтап, мұзын мұндап, жанына жалау болуға ұмтылдым. Несін жасайсың, осы орайда кейде бәзбір басшылармен жүз шайысып қалған кездерімде де болмай қалған жоқ. Бірақ, имандай бір шыңдық – әлгілердің қаһарына ұшырап, жылы орынман айырылып қаламын-ау деп ешкімнен де ырқына ығып, қаржы қазынаға қиянат жасаған емеспін. Өйткені, қаржы қазаны әмбе жұрттың несіесібі, ортақ ізнақасы гой. Оған ешкімнің де заңсыз қол сұғып, кемдемсоқтықпен билік жасауына бол-майды. Бұл жөнінде жаратушы неміз Алла алдында да, ел-халық алдында да арым таза деп ойлаймын.

Алдығын толқын ағаларымыз бен кейінгі толқын жеткіншектеріміз аман болғай. Ишшала, керегеміз кеңейіп, көр-пеміз ұлғайып, қой үстіне боз торғай жұ-мыртқалар жұмақ заманға жете берейік, – деген-ді.

Ал, жұртшылық айтады: Дүниеге келер бір рет Дария кеуде, тау мүсін, – дегендей, Камал аға, ел-халықтың алғысын арқалау-мен ғұмыр кешіп, артында ошпейтұғын із қалдырған дарабоз тұлға, қайталанбас қаржыгер.

Еркін ӘБІЛ.

● ТАҒЗЫМ

АҒАҒА ДЕГЕН САҒЫНЫШ

Адамзат бүгін адам, ертең топырақ. Ертең өзің қайдасың білемісін, өлмек үшін тұзанысың, ойлан шырақ.

БАБІ.

Туған бауыры үшін жанын шүберекке түйген осындай-ақ болар. Нұрмұраттың жаны шарқ ұрды. Алдындағы асқар тауы, бауыры Нұрділда аға күтпеген кеселге шалдықты. Бірде ұшаққа, бірде жүйрік көлікке отырғызып, көрсетпеген дәрігер, емші қалмады. Алматының ең білікті дәрігеріне жол тауып, операцияға келісті. Сәтті шықты, аға отбасына оралды. Жүйрік тұлпардай артық еті жоқ шымыр тұлға бойын тіктеді. Сауығын келдім деп көптің көңілін қуантты. Дегенмен, пшмақ тиген жердің жазылуы онай ма, тағы да сыр берді. Нұрмұрат тағы да талай дәрігердің есігін қақты. Емделтті. Ажалдың емін кім тапқан? Айтып келген ажал ақыры алып тынды. Нұрділда ағаны бүкіл “Жанажолдың” кәрі-жасы қонадай жапырылып, көңіл айтуға келді. Қайғыны емес қайратты қозғауға келген зиялылар толқи сөз тоқты. Тыл ардагері Нұрділда Ерманов сексеннен асқан шағында осылайша пәни дүниеге аттанып жүре берді. Қаратамыр әулетінің бәйтерегі, биікте тұрған жар құлады. Бәйтерек құлағанмен жерді жарып шығар тамыры қалды. Құлаған жардың іргесінен сарқырап аққан су тоқтар емес.

Нұр ағаның балғын балалық шағы Қармақ-шының “Жанажолында” өтті. Орта мектеп тауысты. Қызылорданың пединститутын бі-тірді. Аудандағы мектептерде ұстаз болды. Партиялық жұмыстың дәмін татты. Үш бірдей шаруашылыққа отыз жылдай партия ұйымын басқарған парторг болды. Елді бірлікке, еңбек-ке шақырды. Марапат пен орден, медальмен талайын омырауына жарқыратып тақты. Бір дәуірдің шежіресіндегі болған Нұрекен ескі әңгіменің көмбесі еді. Дүниелен өткен би-болыстардың әңгімесін төгілте, тамылжыта айтушы еді. Барынша сабырлы, ешкімге қылдай қиянаты жоқ шұқшылықке бел бұған азамат болды. Барға қанағат тұтты. Нұрмұрат бірде Нұрділда ағасы туралы былайша төбегенін ба-р.

Ағам бар еді, мір тілді, Жағам бар еді, жыртылды. Қан жылап тұрған жүрекпен, Жұбатам қалай жұртымды. Теделей теңіз дариасы Төбеге тұрып тартылды. Төбедей болып төрде өтті, Тұрасын айтып ер кетті. Қайғын жүйрік кемеден, Жазғын биік төбеден. Алдына келген адамның Атасы басқа дегенен. Беткейі шүйгін бел еді, Белден де биік беделі. Атқа да мінді, таққа да Астым гой елден демелі Сендей-ақ болар дейтін ек, Халқының қамын жеген ер!



Иә, біртуар азамат Нұрділда Ерманов ұл-тының ұланы, ұшқанда қыраны еді, елінің сүйіктісі, жұртының ниытсы еді. Қысқасы, қазір жыл бойы күмбезі күрсініп жатыр, тұнжырап тіршілік жатыр...

Ардагер көп жыл ауылда тұрды. Бірақ інісі Нұрмұрат қала орталығында бірге болайық деп қолқалауын қоймады. Қызылорданың қак ортасынан кенесарайдай үй салып, ағаға тарту етті, көшіріп әкелді. Қала тіршілігіне көңілге алмай, шыңдарда қанатын көп жайып, қалықтап ұшқан бүркіт қиялды. Дегенмен, бұл жерде де дос-жаран, құла-жекежат көбейіп, Нұрекеннің өрісін кеңейтті. Шөберелер шұғылыммен думанды өмір басталды. Ұл мен қыз отау құрып, өмірді жалғастырды. Қала тіршілігіне көнді, көмбістік танытты.

Көжа Ахмет Ясауи бабамыз хикметтерінде: Жаксы киім кигенде, Жаксы тамақ ішкенде, Алдыра қалар астың тақ

Ажал шіркін келгенде – демекші, бұдан бір жыл бұрын бір елдің аяулы азаматы, тыл ардагері Нұрділда Ерманов дүниеден өтті. Бүгін үлкен жүректің тоқтағанына жыл толды. Бүгін бір сәт ағайын-туыс, замандастары, ұл-қыздары Нұрекенді еске алып, жылдық асын беріп жатыр. Тағы да аға жайында естеліктер айтылып, пейіште нұрын шалқығай деп құран бағыштау парызы жалғасқалы тұр. Ермановтардың жапы-рақ жайған ұрпақтары тұрғанда Нұрділда Ер-манов есімі есте ұмытылмаса керек.

Облыстық мәслихаттың төрт дүркін депу-таты Нұрмұрат Ерманов толғанысын тағы да сыр ағытты: – Сарқылмайтын суат жоқ, тар-тылмайтын бұлақ жоқ, тамыры суда тұрса да уақыты жеткенде құрамайтын құрақ жоқ, – демекші тұз-дәмі таусылғанда талай тұлғалар кеткен гой. Сүйікті Нұрділда ағаның бауырында өстім. Ержеттім, есейдім. Осы шаңырақта үй-леніп, ұл-қыз сүйдім. Сол үшін де аға маған ыстық. Ағаға деген сағынышым шексіз. Уақыт, шіркін, жүйрік екен. Лезде ағаның пәни дүниеге аттанғанына жыл толғанын қаранышы?! Жа-нарынан төгілген жас тыйылар емес. Өлі үйдің төрінде отырғандай болады да тұрады.

Әлбетте, аға бейнесі күн өткен сайын одан әрі жарқырай берері ақиқат!

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ.

2015 жылдың I тоқсанына арналған Қызылорда облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясы басшысы мен орынбасарының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі				
Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау-шылардың аты-жөні	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан мекен-жайы	Байланыс телефоны
Мамбетов Рысбек Бекзатұлы	Қызылорда облысы қаржылық бақылау инспекциясының басшысы	Сәрсенбі сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Жалантөс бабаұр көшесі №2 әкімшілік ғимараты	23-38-10
Бөртебаев Талғат Әшірбайұлы	Инспекция басшысының орынбасары	Бейсенбі сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Жалантөс бабаұр көшесі №2 әкімшілік ғимараты	23-37-35

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы №1567 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексін бекіту туралы» Жарлығына және 1998 жылғы №267 «Сыйбалыс жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қызылорда облысы бойынша қаржылық бақылау инспек-циясында 23-38-09 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

Қызылорда облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясы.

Жарамсыз деп есептелсін

Апахаев Бакытжан Мырқайдарұлының атына Қызылорда қаласы, Саулет 012 квар-талы, 3 учаскесіне берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (қа-дастрлық №10-156-001-4151, №0153683) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

*** Нурғалиева Алтынкул Дуйсеновнаның атына Қызылорда қаласы, Арал ауданы, Қамбаш ауылындағы №21 орта мектепті 25.06.1996 жылы бітіргені жөнінде берілген ОА-II №0280137 аттестаты жоғалуына бай-ланысты жарамсыз деп есептелсін.

*** Дошимова Айнуыр Тұрсыметқызының атына Қызылорда облысы, Жаңақорған

Джусипов Пердбай Джұлдасбаевичтің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қа-ласы, Мұстафа Шоқай көшесі 97 үйге бе-рілген техникалық құжаттағы жеке куә-лігінің (№007832558 20.01.1998 ж.) нота-риалды куәландырылған көшірмесіндегі Қызылорда облысының жалғызшайын мүліктер жөніндегі орталығында 12.09.2002 жылы тіркелген паракшасы жоғалуына бай-ланысты жарамсыз деп есептелсін.

Хабарландыру

«KazMicroFinance» Микро-кредиттік ұйымы» ЖШС Қызылорда қаласындағы фи-лиалы қарыз алушыларды «KazMicroFinance» Микро-кредиттік ұйымы» ЖШС атауының «КМФ (КМФ)» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС Қызылорда филиалы болып өзгергенін хабарлайды.

Азаматтық іс қозғалды

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 16.01.2015 жылғы ұйғарымымен «Жер-Ана групп» ЖШС-ін бан-крот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Талап-тілектер Қызылорда қаласы, Өйтеке би көшесі 29 үйде қабылданды.

«Жол жөндеуші» Компаниясы» ЖШС филиалы – Қызылорда жол жөндеу жөніндегі дирекциясының ұжымы Қазалы өндірістік базасының басшы-сы Байтелі Ахметке әкесі, Ұлы Отан соғысының ардагері

Өмірзақ Ахметовтің қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақ-тасып, қолы аяқтайды.

МЕРЕЙ

ГИННЕСТІҢ РЕКОРДТАР КІТАБЫНА ЕНДІ

Қармақшылық Жарбосын Құндақбаевтың есімін жерлестері әркез мақтанышпен еске алып, оның әр ісін құптап отырады. Өйтпегенде ше?! Өзінің саналы ғұмырын спорттың сиқырлы әлеміне арнаған Жарбосынның өмірі, спорттағы табысы көпке үлгі-өнеге болғандай. Оның омырауында дене шынықтыру спортын дамытуда сіңірген еңбегі үшін “Құрмет белгісі” ордені мен “Халық ағарту ісінің үздігі”, “КСРО спорт шебері”, “Ғасыр спорт тарланы”, “Спорт ардагері” белгілері жарқырайды.



шеберін, 33 спорт шеберлігіне үміткерді тәрбиеледі. Оның бер жағында одан күрестің сан алуан тәсілдерін меңгеріп, түрлі дәрежедегі палуан атанған жандар қаншама?!

Жарбосынның аудан жастарын еркін күреске жаттықтырған өмір жолы кенеттен өзге арнаға бұрылып кетті. Спорттың сиқырлы әлемінде бірде жеңіп, бірде жеңіліп жүргенінде екі аяғы бірдей сыр берді. Нағашылары көріпкел құмалақшы еді, сол жолға түсуі керек болды ма, әлде ата-баба аруағының қысқаны ма, табан астынан қан қысымы көтеріліп, аурухананың жансақтау бөлімінен бір-ақ шықты. Аяғын басып жүре алмай, бойын тіктеп ұстай алмай, қоларбаға танылды. Әулие-эмбиелердің басына тәу етіп, бабасы Марал ишанның басына еңбектеп жетті. Имандылық жолға бет бұрып, намазға жығылды. Алланың нұры жауғаны әрі өзінің ертеңге деген зор сенімі болар араға уақыт салып, аяғынан тұрып кетті. Бойындағы ерекше қасиеті ашылып, халық емшісі атанды. Талай жанның дауасыз дертіне шипа дарытты. Дегенмен, бұрынғыдай күреспен айналысуға дәрмен жоқ, спорттың өзге саласын ұстануға бел буды. Зилтас көтеруден әлемнің 12 дүркін чемпионы болған Оразбек Медеубаев қол арбаның тұтқынына айналған Жарбосынды өрге ұмтылдырды. Отағасының қарапайым жүріп көтеріліп кетер қан қысымынан қорыққан жары Ақрош пен балалары оның зилтас көтеруіне қарсылық білдірді. Қашанда өз дегені болмаса қайтуы жоқ Жарбосын аға өзін өзі аямастан зилтемір көтерумен шындап айналыса бастады. Алыс-жақын шетелдерге сапарға шығып, түрлі жарыстарға қатысты, жеңістің дәмін татты. Кейін келе-келе бұл оның өнері ғана емес, өмірлік ұстанымына айналып кетті.

Өзінің бар ғұмырын ел спортын өркендетуге арнаған, жасы келген жандар арасында жаңа қырынан танылған Жарбосын Құндақбаев бұл салада да шәкіртсіз емес. Кезінде кент әкімінің орынбасары болған, қазір зейнет жасындағы Серік Құлмырзаев Жарбосын ағаның ізін басып, тір тасын көтеруден түрлі жарыстарға қатысып келеді. Алғашқы чемпиондық тұғырға да көтерілді. Шәкіртінің жақсы бастамасына ақ жарыла қуанған банкер оның келешектегі алар биіктерінің мол болатындығына сеніммен қарайды.

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА.

ЖӘДІГЕР

Қызылордалық зерттеушілер Ресейден Сыр бойының тарихына қатысты құнды жәдігерлер мен деректердің көшірмелерін әкелді.

Облыс аумағында 1867-1991 жылдары аралығында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеудің нәтижелері мен табылған тарихи-мәдени құндылықтар кезінде Ресейге әкетілген болатын. Сондықтан оларды қайтару мәселесі облыс әкімі жанындағы тарихи-мәдени мұраларды қорғау мен пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңесте көтерілген еді. Жобаны іске асыру облыстық тарихи-өлкетану музейінің тапсырысымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің тарихшыларына жүктелді.

Ғалымдар Сыр бойының тарихынан сыр шертетін деректер мен жәдігерлерді тауып, сандық және 3D өлшемінде виртуалды мұрағат және музейлік, мұрағаттық экспонаттар каталогын құру үшін арнайы Ресейге барып, зерттеу жүргізеді. Нәтижесі жақсы. Зерттеу негізінде 24 томдық ғылыми есеп жасалды. Өкініштісі, 1946 жылға дейінгі орыс саяхатшылары мен зерттеушілерінің жазбаларын табу мүмкін болмапты.

1946 жылдан кейін Арал теңізінің солтүстік-шығыс аймағындағы яғни Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан мол ескерткіштерді қазып зерттеуде Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы қыруар жұмыс атқарды. Алғашқы зерттеулер Сырдарияның ежелгі арналары – Інкәрдария және

ҚАЙТА ОРАЛҒАН ҚҰНДЫ МҰРА

Жаңадария бойындағы Шірік Рабат мәдениетінің ескерткіштері (Шірік Рабат, Баланды, Бәбіш мола қала жұрттары), сонымен қатар саяқ тайпаларының қоныстары, обалары, ортағасырлық Бестам, Жент, Құм қалалары және кейінгі ортағасырлық ескерткіштеріне (казак мазарлары XVIII-XIX ғғ. және қарақалпақтардың елді мекендері) жүргізілді. Сол жылы жылы Хорезм экспедициясының отряды Сырдарияның ежелгі солтүстік саласы Қуандария мен Ескідариялыққа қарай жүріп, Жетіасар кешенінің қалаларын ашты. Аталмыш экспедицияның жұмысы КСРО ыдырағаннан кейін тоқтатылады. Ал жарты ғасырға жуық археологиялық барлау және қазба жұмыстарынан табылған жәдігерлер Мәскеу қаласындағы ғылыми мекемелерде қалып қойды, тіпті біраз бөлігі жоғалып, жойылып кеткен.

Қызылордалық ғалымдар сол тарихи қазынаны Ресей ғылым академиясы Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институты, Мәскеу қаласындағы «Шығыс халықтарының өнері мемлекеттік музейі» және «Мемлекеттік тарих музейі» қорларынан іздеп, олжамен оралып отыр.

Тарих ғылымдарының кандидаты Әзілхан Тәжесевтің айтуынша, 24 томдық кітапта ХАЭЭ-ның Сыр өңіріне қатысты қазба жұмыстарының есептері (1948-1990 жж),



далалық күнделіктер, сызбалары, топографиялық түсірілімдер, ескерткіштердің әуеден түсірілген суреттері, сондай-ақ 3D өлшемінде түсірілген археологиялық жәдігерлердің көшірмелері, Түгіткен қорымы, Шірік Рабат және Жетіасар мәдениеттерінің ескерткіштерінде жүргізілген кешенді қазба жұмыстарынан табылған заттардың



каталогтары жинақталды.

«Деректер мен жәдігерлердің түпнұсқаларын әкелу мүмкін болмады. Сол себепті тек көшірмелеріне қол жеткізіп отырмыз. Мұның өзін мол мұра деп есептеуге болады. Бұл еңбек жас ғалымдар, өлкетанушылар үшін таптырмас құнды материал. Егер мұндағы тың деректер толық зерделенсе, өлкеміздің өткені туралы жаңа мағлұматтарға қанығатын боламыз. Бұдан бөлек, бұл ғылыми есеп Мәскеуге барып оқитын жас тарихшыларға жол сілтейді және көмек болады деп ойлаймын», – дейді Әзілхан Тәжесев.

Мәскеуден табылған олжалар облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында сақталмақ.

Дәурен ОМАРОВ.

ДАРИЯ ДЕНГЕЙІ

СЕҢ ҚАУПІ СЕЙІЛІП КЕЛЕДІ

дегенмен сақтық шараларын ұмытпаған жөн

Дария жағалауындағы облыс жұртшылығы үшін өзден арнасында сең жүретін көктем маусымының басы қарбаласқа толы болатынына көз үйренген. Бірақ биыл қыс жылы болып, арнада сең ерте жүрді.

Жылдағыдан ерте басталған сең қаупін алдымен Шіелі ауданындағы Ботабай, Желек ауылдары сезініп те үлгерді.

Осы елді мекендерде бірнеше үйді су басып, төтенше жағдай қызметкерлері қауіптің бетін қайтару үшін біршама жұмыс атқарды. Мамандардың айтуынша, қазір дария арнасы тұрақты бақылауда тұр. Бірақ бұл қауіп толық сейілді деген сөз емес. Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы басшысының орынбасары Жұмахан Нұрсейітовтің айтуы

ынша, бүгінгі күні сең Жалағаш ауданының аумағына жетті. Дария арнасына келіп жатқан су көлемін азайту үшін 2014 жылғы 28 желтоқсаннан бастап Көксарай су реттегішіне су жинау басталды. Шардаралдан бізге қарай түсетін су көлемі секундына 600 текше метрден 400 текше метрге дейін азайды. Осы жылғы 2 ақпаннан бастап осы көлемді тағы да 100 текше метрге азайту жоспарлануда.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР, СУ АЙДЫНДАРЫНДА ЖҰРУ ҚАУІПТІ!

Қыс мезгілінде жылда су айдындарында азаматтардың бақытсыз жағдайларға ұшырау фактілері азаймай отыр. Көп жағдайларда тұрғындардың мұздың қалыңдығын, ауа райының жағдайын ескермеуі, өздерінің өміріне қауіпті екенін сезінбей жатады. Әсіресе, су жағасына жақын қоныстанған елді мекендер азаматтары, оның ішінде балықшылар кез келген жерлермен жаяу немесе жүк тиелген көліктермен мұз үстімен өтуде.

Суда құтқару қызметі мамандарының жүргізген мониторинг барысында қысқы мезгілде облыс азаматтары көп жағдайларда судағы, мұздағы қауіпсіздік ережелерін сақтайтындығы анықталды. Кейбір тұрғындар тұра жақ ретінде мұз бетімен автокөлікпен зат тасымалдауына белін баруы құтқарушыларды алаңдатуда. Осындай жағдайлар көбінесе облыста балық шаруашылығымен айналысатын Арал ауданының балықшылары арасында орын алууда.



Желтоқсан-қаңтар айларында облыс аумағында жылда ауа райының қалыптасуына байланысты өзін арасындағы мұздың қалыңдығы Арал ауданында 24 см, Қазалы ауданында 43 см,

Қармақшы ауданында 19 см болса, ал, қалған аудандар мен Қызылорда қаласы аумағында өзен арнасының шеттерінде ғана мұз қалып, орталары мұздем ашық. Арал теңізіндегі мұздар да ери бастаған. Сондықтан, су айдындарында жүру аса қауіпті.

Осыған орай қысы уақытта су айдындарында қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау қажет.

Қауіпті мұз:
- Су ағатын жердің жанында;
- Қатып қалған қамысы көп жағаның жанында;
- Қардың қалың қабатымен басылып қалған мұз;
- Көпірдің астында, өзендердің иреленінде, ағыны тар жерлерде;

Түнде мұзды жермен жүруге болмайды! Мұздың үстімен жалғыз жүруге тыйым салынады.

Жұқа қалпаған мұзбен жүру, шаңамен, шаңғымен тік жарлы жағадан жұқа мұзға қарай сырғанау, мұздағы тесіктерге, жарықтарға, ойықтарға жақындау, мұздың бөлек бөлігінде топталып тұру адам өміріне қауіп төндіреді.

Балық аулаймын деушілер болса онда Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметіне барып, мұзда ұстау ережесімен танысқан абзал.

Қосымша мәліметтерді облыстық төтенше жағдайлар департаментімен (24-46-70, 24-40-39) алуға болады.

Абай болыңыздар, су айдындарында жүру қауіпті!

СЕМИНАР

ПАТРИОТИЗМ ТАҚЫРЫБЫНДА ӘНГІМЕ ӨРЫТТІ

Қызылорда қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен №23 Ж.Қызатов атындағы мектеп-лицейде «Жаңа қазақстандық патриотизм – тәрбие жұмысының басты бағыты» тақырыбында қалалық семинар өткізілді.

Елбасымыздың Жолдауында «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысында мерейлі белестер жылы. Қазақ Халқымыз 550 жылдығын, Қазақстан Халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз» деп атап көрсеткендей, семинардың негізгі бөлімінде біркәртас іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Кәріс тілі» үйірмесінің жетекшісі Тамара Қоғай, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Айгул Қозыбаева «Рухы сенбес бағыр бабам», география пәнінің мұғалімі Гүлмира Балқасова «Человек долга и чести», тарих пәнінің мұғалімі Венера Чекушина «Шанырақ» – страна мира и согласия» тақырыбында және өзге де ұстаздар тәрбие сағаттарын өткізді.

Семинардың қорытынды кезеңінде мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғалымжан Әбеновтің ұйымдастыруымен және «Шанырақ» балалар клубының мүшелерінің қатысуымен «Рухы биік, арманы асқақ «Қазақ елі» тақырыбында әдеби музыкалық іс-шарасы көрсетілді.



Бақытжан БЕККУЛБЕВА,
№23 Ж.Қызатов атындағы мектеп-лицей директорының орынбасары,
Қызылорда қаласы.

ТӨМЕН БАҒАДА КӨКӨНІС ЖӘНЕ ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕР

Жаңа жыл қарсаңында тұрғындарды арзан бағада, сапалы ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімдігі қолдауымен «Байқоңыр (Байқоңур)» АҚК» ҰҚ» АҚ-ның «Мирас» сауда орталығы арасындағы әріптестік келісім негізінде шаралар қабылдануымен қала бойынша «Төмен баға» атты 3 (үш) әлеуметтік сауда орны ашылғандығын хабарлаймыз.

«Төмен баға» сауда орындарында ауылшаруашылық өнімдері арзан бағада, яғни нарық бағасынан 15 пайыз төмен сатылуда.

Аталған дүкендерді мына мекенжайлардан таба аласыздар:

1. Ескі базар маңы «Ажар» сауда үйіне карама-қарсы орналасқан «Төмен баға» дүкені;
2. Абуов көшесі 14, яғни қалалық емханаға карама-қарсы орналасқан «Эльман» дүкені;
3. «Мирас» сауда үйіне карама-қарсы орналасқан «Төмен баға» дүкені.

Жоғарыда айтылған мекенжайларды «Төмен баға» деген жарнамалық белгі арқылы таба аласыздар!



Азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында Қызылорда қаласының Тоқтыбаев көшесі бойында күнделікті азық-түлік өнімдерінің жәрменкесі өткізіледі.

Жәрменкеде азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорындағы өнімдермен бірге «Мирас» сауда орталығы және «Дәмді» сауда маркалы өнімдері нарық бағасынан 15-20 пайыз төмен бағада сатылады.